

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

ШЫҢҒЫСТАУ ӨңІРІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚАЗАҚ-ЖАПОН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Үмітқалиев Ұ.Ұ.

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
археология және этнология кафедрасының меңгерушісі

Itahashi Yu, PhD

Цукуба университетінің профессоры, Жапония,

Мұсылманқұл П.Б.

ҚР Ұлттық музейі, ғылыми қызметкер

Әбілбекұлы Ә.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

2013 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, археология және этнология кафедрасының «Шыңғыстау археологиялық экспедициясы» Шығыс Қазақстан облысы Абай, Жарма, Аягөз аудандарына кіретін аумақтарда өз зерттеулерін үздіксіз жүргізіп келеді. Зерттеулердің негізгі мақсаты қазақтың ұсақ шоқылығы саналатын Шыңғыстау, Қалба жоталарының арасындағы үлкен мәдени ошақты кешенді зерттеу. Археологиялық тұрғыда кешенді зерттеулермен қатар, аймақтың ескерткіштеріне барлау жұмыстары жасалып, ескерткіштер тізімі мен тарихи маңызы саралануда. Жоғарғы оқу орыны ретінде маман даярлайтын бағытта, университет студенттері мен магистранттарын жазғы археологиялық зерттеулерге ат салыстырып, далалық практика жұмыстарына ат салыстырудамыз.

Археологиялық зерттеу жұмыстары негізінен 2012 жылдан бері Абай ауданы территориясында қола дәуірінің Қырықкүңгір (2014-2021), Қаракемер (2012), Қорғантас, Олжай, Қаратай (2021) ескерткіштерінде жүргізілсе, ерте темір дәуірінің Қырықкүңгір, Айтуған (2012), Қаракемер (2012), Баймағұл (2014), Суықбұлақ (2014) ескерткіштеріне жүргізілді.

Аягөз ауданында ерте темір дәуірінің Қырық оба, Қалғұты (2017) ескерткіштері зерттелсе, Жарма ауданында Үшбиік селолық округі территориясында Молбұлақ, Қазқонған (2012), Аршалы селолық округінде Жарықтас ескерткіштері (2018), Шалабай селолық округі территориясында Шалабай ескерткіші (мұртты оба) (2021) зерттелді.

Бұл зерттеулердің қорытындылары жеке ескерткіштер түрінде өз кезеңіне қарай мақала түрінде жарияланғанымен толық ғылыми түрде жүйеленіп, ғылыми сараптамалар жасалған жоқ.

2021 жылғы жазғы археологиялық маусымда 2014 жылдан бастап зерттеліп келе жатқан Қырықкүңгір кешенді ескерткішіндегі № 25 қола дәуірінің тас қоршауына реставрациялау, жаңғырту жұмыстары жасалды. Көне тас құрылыс төрт бұрыш формадағы тастан тұрғызылған жерлеу ескерткіші, сыртқы көлемі бұрыштарында биіктігі 1 метр 30 см көлеміндегі ірі тастарды қойып жасалған. Әрбір сыртқы бұрыштарының арасы өте дәлдікпен тұрғызылған 24x24 метрді құрайды. Көне құрылыстың жалпы биіктігі 1 метр 60 см. Қазбаға дейінгі көрінісі сырты өзеннің малта тасымен жабылған үйінді астында төртбұрышты құрылыс ішінде сатыланып келетін, пирамида дәрізді үш шеңбер қаланған. Әрбір ішкі тас шеңберді ірі тастармен қалап, келесі шеңбермен ортаны бос тастармен толтырған. Ортаңғы адам жерленген тас жәшіктің сыртында сопақшалау болып келген шеңбердің көлемі төмендегідей. Ұзындығы 3 метр 70 см, ені 2 метр, 80 см. Осы сопақша болып келген тас шеңбердің ішінде, 1 метр 60 см тереңдіктен тас жәшік қойылған. Тас жәшіктің орналасу бағыты, оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс бойымен ұзынынан қойылған. Тас жәшіктің тастары қызыл түсті жергілікті жердің гранит тасымен қырынан қойылып жасалған. Тас жәшіктің төрт қабырғасындағы тастары бүтін күйінде қойылған. Тас жәшіктің ішінен тоналып кеткендіктен шашылған адам сүйектері мен бірге қыш ыдыстың сынығы табылды.

Адам сүйегіне Жапонияның Цукуба қаласындағы Цукуба университетінің зертханасында радиоуглеродты және изотопты коллаген бойынша сынама жасатылды. Сынама негізінде ескерткіштің мерзімдеме жасы 3856 ± 15 жыл деп беріп отыр.

Биылғы жылы №25 қорған қоршауға жасалған реставрациялау жұмыстарының қорытындысы бойынша толықтай үш сектор қалпына келтіріліп, тек оңтүстік-батыс сектор қазбаға дейінгі алғашқы күйінде қалдырылды.

№ 26 топырақ үйінділі қорған №25 қорған қоршаудың оңтүстік-шығыс тізбегінде орналасқан. 2019 жылдан бастап қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Қорғанның негізгі сыртқы көрінісі топырақтан үйілген, диаметрі 43 метр, биіктігі 2м30 см. Топырақ үйінділі қорғанның етек жағына қарай, қорған үйіндісінің ең шетінен алғанда 2 метр 80 см жерден тік тұрған тастардың сұлбасы көрінді. Осы тастардың орналасуына қарай тік бұрыштары бар алты қырлы қорған қоршау екенін көруге болады. 2019-2020 жылдардағы қазба маусымдарында қорғанның солтүстік-шығыс және оңтүстік – шығыс секторларына қазба жұмыстары жүргізілген болатын.

Қазба барысында қазбаға дейін оба үйіндісінен көрініп тұрған алты бұрыштағы тастар, алты қырлы құрылыс екенін көрсетті. Бұрыштарына биіктігі 1 метр, 20 см көлеміндегі тастарды қойып арасын 6-7 қатар тастармен жалпағынан қалап қоршау жасаған. Алты қырының арасы өте дәлдікпен қойылып қаланған. Алты қырлы тік бұрышты қоршау ішінде дөңгелек формадағы ішкі екі қоршау жасалған. Ең ортасындағы кіші қоршау тастың диаметрі 6 метр, биіктігі 1 метр 70 см. Оның сыртындағы үлкен тас қоршау шеңбердің диаметрі 12 метр. Қорғанның тік бұрышты алты қырлы қоршау сыртындағы тастардың қабырғасынан әр түрлі жануарлардың суреттері анықталды. Тастарға салынған суреттер ішінде анық көзге көрінетіні оңтүстік шығыс сектордағы жылқы бейнесі мен белгісіз жабайы аңның бейнесі. Бұл қазба жүргізілген секторларды ашу кезінде белгілі болғандықтан, алдағы уақытта басқа секторлар ашылған кезде олардың тас қабырғасынан да суреттер кезігуі мүмкін. Қазба жұмыстары алдағы маусымда да жалғасатындықтан бұл ескерткіш жөнінде ғылыми қорытындылар жасау әлі ерте.

Қаракемер қола дәуірі ескерткіші.

2021 жылдың қазба маусымында келесі бір ескерткіш Абай ауданы территориясындағы Кеңгірбай би ауылының оңтүстік – батысына қарай 40 шақырым жердегі Қаракемер қойнауындағы қола дәуірі ескерткіштеріне қазба жұмыстарына жапон ғалымдары ат салысып, зертханалық сынамалар алынды.

Қорым Барлыбай өзенінің оң жақ жағасы, екінші террасасында, өзеннің арнасынан 150 м. жерде орналасқан. Қорымға өте жақын 100 метр жерде бұлақ бар, бұлақ суы Барлыбай өзеніне қарай ағады.

Қорым қола дәуіріне тиесілі жеті ескерткіштен тұрады. Олардың формасы әртүрлі болып келген: шеңбер, шаршы және тік төртбұрышты қоршау, тас қоршаусыз әрі толығымен жердің астындағы тас жәшіктер, тас қоршаусыз, бірақ анық бой көрсетіп тұрған тас жәшіктер.

Қорым орнын таулы өлкенің қойнауындағы жазық алқап деп сипаттауға болады. Ескерткіштер дөңестеу болып келген жайылма жерде орналасқан. Қорым орналасқан жер теңіз деңгейінен 1000 м. биіктікте жатыр.

Қаракемер ескерткішіне қазба жұмыстары негізінен кездейсоқ басталды. Қаракемер ескерткішінің ерте темір дәуірі обасын қазу кезінде бұлақ басына тігілген археологтар қосынының дәл жанында бүлінген қоршауды қазу кезінде тас шеңбер қоршау анықталды. Қоршаудың диаметрі 8 метр. Қоршау тастары тігінен тұрғызылған жердің бетінен көрінбейді. Қазу кезінде анықталғандай, қоршау ортасынан екі тас жәшік анықталды. Солтүстік - батыс жағындағы тас жәшіктің көлемі үлкендеу, онда адам сүйегі анатомиялық күйінде, шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік батысқа қаратылған. Адам сүйегімен бірге жылқы сүйегінен жасалған аттың ауыздығының бөлшегі табылды. Жанындағы оңтүстік жақтағы тас жәшіктен жылқы сүйектері батыс жақ шетіне үйілген күйде табылды.

Екі тас жәшіктің айналасынан төрт бұрышынан әр жерлерге үйілген жылқы сүйектері табылды. Қоршау сыртын қазу кезінде, солтүстік-батыс шетінен тас жәшік сыртында жылқы сүйектерімен аралас тағы бір сүйектен жасалған ауыздықтың бөлшегі табылды. Осындай жылқы сүйектері мен сүйектен жасалған ат ауыздығының табылуына байланысты Қаракемер қола дәуірі қорымында қазба жұмыстары ары қарай жалғастырылды.

№1 қола дәуіріне тиесілі ескерткіштің сипаттамасы.

Ескерткіш Барлыбай өзенінің оң жақ жағасы, екінші террасасында, өзеннің арнасынан 150 м. жерде, сипаты жағынан дөңестеу келген жайылма жерде орналасқан.

Қазбаға дейінгі күйінде ескерткіш қоршауының шеңбер формалы екені байқалды. Солтүстік-шығыс пен оңтүстік бойындағы жеті қоршау тастары жер бетінен 3,5-17 см. аралықтағы биіктікте шығып тұрды. Ескерткіш бетіндегі өсімдік қабаты әлсіз болды, бетеге, көде, жусан секілді өсімдіктер өскен.

Ескерткіштің қазбасы ені – 8,70 м., ұзындығы – 8,60 м. болатын аумақты алды. Шым қабатының қалыңдығы 10-16 см., еденге дейінгі тереңдігі 28 см. құрады.

Қоршаудың пішімі шеңбер болып келген, диаметрі – 7 м. Қоршаудың ішінде, солтүстік-шығыс бөлігінде, қоршаудан 18 см. арақашықтықта ғұрыптық орын болды. Оның пішімі тіктөртбұрышты, оңтүстік қабырғасы қиғаштау келген. Өлшемі: ені – 62 см., ұзындығы – 95 см., биіктігі – 35 см. Ғұрыптық орын сегіз тастан қойылған, ортақ алынған өлшемдері келесідей: ені – 23,8 см., ұзындығы – 30,6 см., қалыңдығы – 11,7 см.

Қоршау тастардың жалпы саны он сегіз. Солтүстік-батыс пен оңтүстік бөлігінде он алты тас тізбекпен орналасқан. Оңтүстік-батыс бөлігінде екі тас, батыс бөлігінде бір тас. Ескерткіштің құрылысына тіктөртбұрышты келген сұр түсті құмтас(гранит) қолданылған. Өлшемдері келесідей: ені – 19-51 см. аралығында, ұзындығы – 44-192 см. аралығында, қалыңдығы – 7-16 см. аралығында. Тастар қоршаудың ішіне қарай жантайған күйінде ашылды.

Қоршаудың ішінде, тас жәшік орнынан солтүстікке қарай 50 см. жерде құрбандыққа шалынған жылқының қабырғалары, жілік сүйектері мен тістері табылды.

Тас жәшіктің бетінде ені 90 см., ұзындығы 1,30 м. болатын тақтатас жатты. Жәшіктің тастары еден бетінен бой көрсеткен жоқ. Тас жәшіктің орналасқан жерін табу мақсатында ені 1,95 м., ұзындығы 2,75 м., тереңдігі 5 см. болатын аумаққа қазба салынды.

Тас жәшіктің өлшемдері келесідей: ені – 1,15 м., ұзындығы – 2,10 м., биіктігі – 1 м. Тас жәшіктің қоршауға қатысты орналасуы келесідей: солтүстіктен – 2,90 м., оңтүстіктен – 3,05 м., шығыстан – 2,55 м., батыстан – 2,45 м.

Ғұрыптық орын ішінен қыш ыдыс сынықтары табылды. Мойын тұсында төрт горизонтальді түзу жолақ, оның астында үш түзу жолақтан тұратын зиг-заг орнамент болды.

Тас жәшіктің ішінде екі адам жерленген: ер адам және әйел адам. Бастары батысқа бағытталған, бір-біріне қаратылып, аяқ-қолдары бұғулі күйінде жерленген. Ер адам сол жақта, әйел адам оң жақта. Адам сүйектері әр түрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, жақсы сақталған күйде табылды.

Әйел адам жатқан тұста, 70 см. тереңдікте қола моншақ пен ақ моншақтар табылды. Ақ моншақтар бас жақтан, қола моншақтар бас және аяқ жақтан шықты. Сонымен қоса әйел адам жатқан тұстың бас жағынан ракушка табылды.

Ер адам жатқан тұстың аяқ жағында, жәшіктің оңтүстік қабырғасы тұсында, 90 см. тереңдікте үш қола жебе, ретушталған тас жебе шықты. Жебе ұштары шығысқа қараулы, қатар-қатар қойылған түрде табылды. Жебелердің ағашы нашар сақталған, жебе ұштары жақсы сақталған күйде болды.

№2 қола дәуіріне тиесілі ескерткіштің сипаттамасы.

Ескерткіш №1 ескерткіштен оңтүстікке қарай 5 м. арақашықтықта жатыр.

Қазбаға дейінгі күйінде ескерткіш толығымен жер астында болды, жердің бетінде оның бар екеніне нұсқайтын белгілері болмады. Ескерткіш тұрған жердің бетіндегі жалғыз тастың астына қарай шурф қазу барысында жәшіктің тасы көрініп, оның толығымен жердің

астында жатқаны анықталды. Ескерткіш бетіндегі өсімдік қабаты әлсіз болды, бетеге, көде, жусан секілді өсімдіктерден тұрды.

Ескерткіштің қазбасы ені – 6 м., ұзындығы – 6,80 м. болатын аумақты алды. Шым қабатының қалыңдығы 5 см., еденге дейінгі тереңдігі 20 см. құрады.

Ескерткіштің қола дәуірінің жерлеу орындарына тән тас қоршауы болмады. Оның құрылысы тек екі тас жәшіктен ғана тұрды. Жәшіктердің құрылысына тіктөртбұрышты келген сұр түсті құмтас (гранит) қолданылған. Тас жәшіктері тік төртбұрышты келген, параллель орналасқан. №2 тас жәшік 30 см. батысқа қарай алға, шығыс жағы оңтүстікке қарай сәл қиғаштау қойылған. Тас жәшіктердің бір-бірінен арақашықтығы 1 м.

№1 тас жәшіктің өлшемі келесідей: ені – 80 см., ұзындығы – 1,80 м., биіктігі – 90 см. Жәшік бетінен 40-50 см. тереңдіктен орнаменті бар қыш ыдыс сынықтары шықты. Жәшіктің ішінде екі адам жерленген: ер адам және әйел адам. Адам қаңқалары әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, нашар сақталған күйде табылды. Алайда бас сүйектер жақсы сақталған болды. Жәшіктің шығыс бойында, 80 см. тереңдікте қола моншақтар шықты.

№2 тас жәшіктің өлшемі келесідей: ені – 70 см., ұзындығы – 1,80 м., биіктігі – 80 см. Жәшіктің батыс басында қос құмыра қойылған. Сол жақ тұсында, 45 см. тереңдікте, ернінен алғандағы диаметрі 30 см., ернінің қалыңдығы 9 мм. болатын орнаментті, қызыл түсті қыш ыдыс бүтін күйінде табылды. Оның ішінде нашар сақталған сүйектер кездесті.

Бұл қыш ыдыстың жанынан, тас жәшіктің оң жақ тұсынан, 60 см. тереңдікте, ернінен алынған диаметрі 10 см., ернінің қалыңдығы 1 см. болатын, мойын тұсында орнаменті бар түсі қара қыш ыдыс бүтін күйінде табылды.

Жәшіктің орта тұсында, 50 см. тереңдікте адамның бүтін бас сүйегі, 55 см. тереңдікте анатомиялық реттегі, сол жақ иығына қол-аяғы бүгүлі күйде жатқызылып қойылған әйел адам қаңқасы шықты. Жақ сүйегі анатомиялық ретке сай орыннан, жәшіктің батыс жағынан табылды.

Археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген Шыңғыстау өңіріндегі қола дәуірі қоршауларының ғылыми сараптамалық жұмыстары әлі де жасалуда. Осы қазбалардың материалдары арнайы зертханаларға жіберіліп, қорытындыларын күтудеміз. Қазба жүргізілген Қырықүңгір және Қаракөмер қола дәуірі ескерткішінің сыртқы құрылысы мен қыш ыдыстарына қарап және Жапониядан келген сараптама нәтижесіне байланысты ерте Алакөл кезеңі деп мерзімдеп отырмыз. Сыртқы архитектуралық құрылымы жағынан ерте алакөл кезеңіне жататын монументальды архитектуралық құрылыстар Евразия даласында сирек кездесетін ескерткіштер деп сеніммен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Исаков К.А. Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы №1 (64). Алматы, 2012. 129-134 бб.
2. Умитқалиев У.У., Айтбаев А.Б., Эшбекова Г.У. Шыңғыстаудағы Қырықүңгір қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы №5 (108) Астана., 2015.
3. У.У.Умитқалиев, Ә.Т. Толеубаев, Р.С. Жуматаев. Қарашоқы I қонысында 2011 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының кейбір қорытындылары. Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының зерттеулері мен далалық материалдары: II Шығарылым. Алматы: Қазақ университеті, 2012. 166 бет.
4. Ұ. Үмітқалиев, А. Айтбаев, Н. Әбдіғали, М. Педрачки. «Шыңғыстаудағы Қырықүңгір кешенді ескерткіші». – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Алтын тамыр» баспасы. 2018. – 200 бет. – қазақша, орысша, ағылшынша, полякша.
5. Lbova L.V., Volkov P.V., Bocharova E.N., Kovalev V.S. and Khaykunova. The techniques of Modeling and Decorating Upper Paleolithic Anthropomorphic Figurines from Malta, Eastern Siberia // Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia. 45/3 (2017). Pp. 48-55. DOI:10.17746/1563-0110.2017.45.3.048-0555
6. Брынза Т.В. Проблема изучения Нуринской (Федоровской) археологической культуры по материалам поселения Шагалалы II // Верхнедонской археологический сборник. материалы второй Всероссийской археолого-этнографической научной конференции с международным участием, посвященной 100-летию А.Н. Москаленко. – Липецк: Липецкий государственный педагогический университет имени П.П. Семенова-Тян-Шанского, 2018 г. - С. 103-106.

7. Брынза Т.В., Хабдулина М.К. Новые материалы к изучению нуринской (федоровской) археологической культуры// История и культура народов Юго-Западной Сибири и сопредельных регионов (Казахстан, Монголия, Китай): материалы международной научно-практической конференции (22-24 мая 2017 года) / Отв. ред. Ф.И. Куликов. – Горно-Алтайск: БИЦ ГАГУ, 2017. – С. 31-37.



Сурет-1. Қырықұңгір қорымы, №25 қорған-қоршаудың қалпына келтірілген көрінісі



Сурет-2. Қырыққүңгір қорымы, №26 қорған-қоршаудың жалыпы көрінісі



Сурет-3. Қырыққүңгір қорымы, №26 қорған-қоршаудың қабырға тастарында жануар бейнесі



Сурет-4. Қаракемер қорымы, №1 қоршаудағы гүрыптық тас жәшік көрінісі



Сурет-5. Қаракемер қорымы, №1 қоршаудағы тас жәшіктегі жерленген адам қаңқасы